Тазалау және күтім	58
Сақтау/тасымалдау/өткізу/кәдеге жарату	60
Техникалық сипаттамалары	60
Ақаулықтарды іздеу және жою	61
Сертификаттау туралы ақпарат	62
Кепілді міндеттемелер	63

ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Осы Пайдалану жөніндегі нұсқаулық Polaris көпфункционалды электр асүй машинасының техникалық деректерімен, құрылғысымен, пайдалану және сақтау ережелерімен, **PKM 1525** моделімен (бұдан әрі мәтін бойынша – аспап, ас үй машинасы) танысуға арналған.

ҚАУІПСІЗДІК БОЙЫНША ЖАЛПЫ НҰСҚАУЛАР

- Құрылғының пайдалануының техникалық қызмет жасау ережелерімен сәйкес келеді: «Анықтамалық пайдалану құрылымдарының техникалық қызметі үшін ережелер».
- Аспап тек мақсаты бойынша пайдаланылуы тиіс.
- Осы аспапты пайдалануды бастар алдында Пайдалану жөніндегі нұсқаулықты мұқият және толығымен оқып шығыңыз.
- Аспапты іске қосар алдында әр кезде оны қарап байқап шығыңыз. Егер аспап пен желілік сым зақымдалса, ешқандай жағдайда аспапты розеткаға қоспаңыз.
- Аспап құлағаннан кейін, көзге көрінетін зақымдану белгілері болса, оны пайдалануға болмайды. Пайдаланар алдында құрал білікті маманмен тексерілуі тиіс.
- Бұл құрал физикалық, жүйке немесе психикалық ауытқулары немесе тәжірибе мен білімнің жеткіліксіздігі бар адамдардың (балаларды қоса алғанда), мұндай адамдарға қадағалау жүзеге асырылатын немесе олардың қауіпсіздігіне жауап беретін адамның осы құралды пайдалануына қатысты оларға нұсқау беретін жағдайларды қоспағанда, пайдалануына арналмаған. Балаларды құралмен ойнауға жол бермеу мақсатында қадағалауды жүзеге асыру қажет.
- Жұмыс істеп тұрған құралды қараусыз қалдырмаңыз! Құрылғыны пайдаланбаған кезде әрқашан тоқтан суырыңыз.
- Пайдаланудың ұзақ мерзімдік үзілісі кезде құрылғыны зауыттық қаптамасында, балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.



Назар аударыңыз! Аспапты ванналар, шұңғылшалар немесе сүмен толтырылған басқа ыдыстар маңында пайдаланбаңыз.

- Ешбір жағдайда аспапты суға немесе басқа да сұйықтықтарға батырмаңыз. Аспапты дымқыл қолмен ұстамаңыз. Аспап суланған жағдайда, оны лезде желіден ажыратып қойыңыз.



Аспапты сыртқы төтенше әсерлерге ұшыратпаңыз



Аспапты кез келген соққылардан сақтаңыз



Қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін аспапты тұрмыстық қалдықтармен бірге шығарып тастамаңыз





Ешбір жағдайда құралды суға немесе басқа сұйықтықтарға батырмаңыз

- Аспап суға түскен жағдайда, оны тез арада желіден өшіріңіз. Бұл жағдайда қолыңызды суға түсірмеңіз. Аспапты қайталап пайдаланар алдында, оны білікті маман тексеруі керек.
- Аспапты тек қана айнымалы ток (~) көзіне қосыңыз. Қосар алдында, аспапты желіде қолданылатын кернеуге арналған екеніне көз жеткізіңіз.
- Бейстандартты қуат көздерін немесе іске қосу құрылғыларын пайдаланбаңыз. Ұзартқыштарды пайдаланбаңыз.
- Құралды желіге қосу алдында ол өшірулі күйде екеніне көз жеткізіңіз.
- Құралды үй-жайдан тыс пайдаланбаңыз. Аспапты өткір бұрыштарға соғылудан сақтаңыз. Пайдалану аяқталған кезде, құрал сынғанда немесе тазалау кезінде, оны үнемі желіден өшіріңіз.
- Аспапты желілік сымнан ұстап, тасымалдауға болмайды. Сонымен қатар аспапты желіден, оның желілік сымынан ұстап, сөндіруге тыйым салынады. Аспапты желіден ажыратқанда, оның штепсельдік айырынан ұстаңыз.
- Жинақтың құрамына кірмейтін қосымша аксессуарларды пайдалану сізді кепілді қызмет көрсету құқығыңыздан айырады.
- Қолданғаннан кейін электр сымын ешқашан аспаптың айналасына орамаңыз, себебі бұл уақыт өте келе сымның сынуына әкелуі мүмкін. Сақтау уақытында сымды үнемі түзулеп ораңыз.
- Аспап пен желілік баусым олар ыстықтың, тікелей күн сәулесінің және ылғалдың әсеріне түспейтіндей сақталуы тиіс.
- Баусымды ауыстыруды тек қана білікті мамандар - сервистік орталықтың қызметкерлері іске асыра алады. Біліксіз жөндеу пайдаланушы үшін тікелей қауіп төндіреді.
- Аспапқа берілетін кепілдіктің сақталуы үшін және техникалық мәселелерге жол бермеу үшін, аспапты өз бетінше бөлшектеуге және жөндеуге тырыспаңыз. Жөндеу тек қана сервистік орталығының білікті мамандарымен жүргізілуі тиіс.
- Аспапты жөндеу үшін тек түпнұсқа қосалқы бөлшектер пайдаланылуы мүмкін.






НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін, аспапты тұрмыстық қалдықтармен бірге шығарып тастамаңыз. Одан әрі кәдеге жарату үшін, оны мамандандырылған пунктке тапсырыңыз. Сіз осылай қоршаған ортаны қорғауға көмектесе аласыз.



ҚАУІПСІЗДІК ЖӨНІНДЕГІ АРНАЙЫ НҰСҚАУЛАР

- Орнатылған тостағаны жоқ аспапты ешқашан желіге қоспаңыз.
- Ыдысты жиынтыққа кіретін қақпақсыз пайдалануға тыйым салынады.
- Деформацияланған ыдысы немесе жиынтыққа кірмейтін басқа кез келген сыйымдылығы бар аспапты пайдалануға тыйым салынады.
- Аспап жиынтығына кіретін ыдысты осы Нұсқаулықта сипатталмаған мақсаттарда, немесе басқа модельдегі аспаппен пайдалануға тыйым салынады.
- Азық-түлік салынбаған тостағаны бар аспапты іске қоспаңыз.
- Аспапты жұмыс кезінде қадағалаусыз қалдырмаңыз.
- Асүйлік машина ұзақ үзіліссіз жұмыс істеуге арналмаған, сондықтан қатты қызып кетуге жол бермеу үшін үзіліссіз жұмыс істеудің әр 3-10 минутынан кейін (пайдаланылатын аксессуарға байланысты, сипаттаманы қар.), моторға сууға мүмкіндік беріп, 30 минутқа үзіліс жасап отырыңыз.
- Осы аспапта қатты қызып кетуден кіріктірілген қорғанысы бар. Автоматты түрде сөндіру орын алған жағдайда дереу қажет:
 - ҚОСУ/ӨШІРУ сенсорлық түймесін басу арқылы аспапты қосыңыз
 - айырды электр желісі розеткасынан суырып шығару.
 - қайталап пайдаланар алдында аспапқа кем дегенде 30 мин ішінде толық сууға уақыт беру.
- Аспап корпусындағы желдету тесіктерін жаппаңыз, бұл мотордың шамадан тыс қызуына әкелуі мүмкін.
- Асүй машинасы жұмыс істеп тұрған кезде, тостағанға ұн немесе қант ұнтағын салмаңыз. Осы өнімдерден шығатын шаң, желдету тесіктеріне түсіп, аспапты жарамсыз күйге апаруы мүмкін.
- Бұлғаған кезде өнімдер көлемі көбейеді. Тостағанды жартысынан асырмай толтырыңыз. Азық-түліктің өңделуін ең төмен жылдамдықта бастап, қажет болғанда, оны біртіндеп жоғарылату керек.
- Жарақаттануды болдырмау үшін саусақтарды, шашты киімді аспаптың қозғалатын бөліктерінен қауіпсіз қашықтықта ұстаңыз.
- Асүйлік машинаны қою және мұздатылған май мен қамыр сияқты қатты өнімдерді араластыру үшін пайдаланбаңыз. Артық жүктелуге және аспап бөлшектерінің істен шығуына жол бермеу үшінбұндай өнімдерді жібігенше алдын ала қыздыру қажет.



- Аспапты пайдалану барысында ыдысқа пышақтар, қасықтар, шанышқылар мен басқа асүйлік керек-жарақтар түспегенін қадағалаңыз.
- Пайдалану кезінде аспаптың қозғалатын бөліктеріне қасықтарды, қалақшаларды тигізбеңіз, бұл сынуына әкелуі мүмкін.
- Пайдаланған кезде ешбір жағдайда қолды немесе дененің басқа бөліктерін ыдысқа салмаңыз.
- Сөндіргеннен кейін жетек инерция бойынша тағы біраз уақыт қозғалады. Саптамаларды ауыстыру үшін, жетектің толық тоқтауын күтіңіз және аспапты желіден ажыратыңыз.
- Саптаманы ауыстырар немесе оны тазартар алдында аспапты ылғи желіден ажыратыңыз.
- Саптамалар мұқият жуылғанын үнемі қадағалап отырыңыз.
- Аспапты суға батырмаңыз.
- Аспап жеткізілімі жиынтықтамасына кірмейтін аксессуарлар мен саптамаларды пайдалану Сізді кепілдікті қызмет көрсету құқығынан айырады.
- Бұзылуларды болдырмау үшін, аспапты және оның керек-жарақтарын тоңазытқышқа, тұншапешке немесе микротолқынды пешке қоймаңыз.
- Асүйлік машинаны тағамдық емес өнімдерді араластыру үшін пайдаланбаңыз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Қуат беретін желіде электр энергиясы сөндірілгенде аспап іске қосылған болып қалады және электр энергиясы берілгеннен кейін өзінің жұмысын бастайды. Іске қосылған аспапты қадағалаусыз қалдырмаңыз. Егер Сіз аспап сөніп қалғанын байқап қалсаңыз, бірден жылдамдықты реттеу тұтқасын «0» жайғасымына ауыстырыңыз және жағдайларды анықтағанша, қуат беру баусымын розеткадан ажыратыңыз.


ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫ

- Аспап осы Нұсқаулыққа сәйкес тұрмыстық ғимараттың температурасы мен ылғалдылығында тұрмыстық және ұқсас қолдану үшін арналған:
 - үнемі тұратын орындарда;
 - дүкендердің, кеңселердің, фермерлік шаруашылықтар мен басқа да бөлімшелердің қуат көзі пункттерінде;
 - қонақ үй, отель және басқа да тұруға арналған орындардың тұтынушыларына;
 - түнгі және таңғы асқа арналған орындарда.
- Аспап өнеркәсіптік және коммерциялық пайдалануға, сондай-ақ азық-түлік емес өнімдерді өңдеуге арналмаған.
- Өндіруші қате пайдалану немесе осы Пайдалану нұсқаулығында көзделмеген мақсатта нәтижесінде туындаған шығын үшін жауапкершілік алмайды.


**БАС КҮЙІНДЕ
ҚОСПАҢЫЗ!**



Аспап тек қана тамақ өнімдерін өңдеуге арналған



Аспап тек қана тұрмыстық пайдалануға арналған



+5-тен +35°С-ге дейін
Жұмыс істеуінің ыңғайлы жағдайлары +5°С-тен +35°С дейінгі температурада



Аспапты азық-түліксіз пайдалануға тыйым салынады!

АСПАПТЫҢ СИПАТЫ

Асүйлік электр машинасы сұйық және сусымалы өнімдерді араластыруға, тұздықтарды, сұйық салмаларды, майонез бен десерттерді (шайқалған кілегей, пудингтер, коктейльдер, үлпілдек кремдері, мұстарды) шайқауға арналған бұлағыштың және аспаптың жиынтығына кіретін араластыруға арналған саптаманың көмегімен түрлі консистенциядағы қамырды қамыр илейтін ілмекпен илеуге арналған.

ЖИЫНТЫҚТАМА

1. Асу машинасы
2. Бұлағуға арналған бұлағыш
3. Қамыр илейтін ілмек
4. Араластыруға арналған саптама
5. Ыдыс
6. Ыдыстың қақпағы
7. Пайдалану жөніндегі нұсқаулық
8. Кепілдік талоны


ДИСПЛЕЙ



Ескертпе ретінде!

Осы Пайдалану жөніндегі нұсқаулықта келтірілген суреттерде тек қана жалпы, сызбалы кескіндер пайдаланылған.


БӨЛШЕКТЕРГЕ ШОЛУ ЖӘНЕ АТАУЛАРЫ



Ескертпе ретінде!


Нақты бұйымның сыртқы көрінісі, дизайны мен түсі иллюстрациялардағы фотолардан ерекшеленуі мүмкін. Суреттер анықтамалық ақпарат ретінде берілген.

ЕТКЕ АРНАЛҒАН САПТАМА



13. Пластик итергіш
14. Етке арналған алмалы-салмалы астау
15. Ет тартқыштың жұмыс блогының алмалы-салмалы корпусы
16. Иірмек
17. Пышақ
18. Тор 3 мм
19. Тор 5 мм
20. Тор 7 мм
21. Сақиналы сомын
22. Кеббеге арналған саптаманың адаптері
23. Кеббеге арналған саптама
24. Шұжықтарға арналған саптаманың бөлгіші
25. Шұжықтарға арналған саптама

КӨКӨНІСТЕРГЕ АРНАЛҒАН САПТАМА




26. Көкөніс кескіш итергіші
27. Көкөніс кескіш корпусы
28. Көкөніс кескіштің жетек муфтасы
29. Драниктерге арналған үккіш
30. Майдалап турауға арналған үккіш
31. Ірі үккіш
32. Ұсақ үккіш
33. Үккіштердің сақиналы бекіткіші

ЖҰМЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ


- Аспаптың орауын шешіңіз және жеткізілім жиынтығын тексеріңіз (Жиынтықтылау тарауын қар.).
- Аспаптың барлық бөлшектерінен қаптау материалды және жарнамалық жапсырмаларды алып тастаңыз.
- Аспаптың барлық жиынтықтауыштары мен желілік баусым зақымданбағанына көз жеткізіңіз.
- Алғашқы пайдаланар алдында аспаптың өнімдермен жанасатын бөліктерін (саптамаларды, ыдысты, ыдыстың қақпағын және басқ.) жуыңыз және кептіріп алыңыз.



Корпусты ылғал матамен сүртіп алыңыз



Аспапты ылғи тегіс бетке қойыңыз



1-ші пайдаланар алдында аспаптың бөліктерін жуып-шайыңыз.



Мұқият құрғатыңыз



ЕСКЕРТПЕ. Суреттер мен иллюстрациялар таныстыру мақсаттарында келтірілген және бұйымның нақты сыртқы көрінісінен ерекшеленуі мүмкін. Бұйымның құрастырылым және техникалық сипаттамалары алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

ЖҰМЫС ТӘРТІБІ



САҚ БОЛЫҢЫЗ! Асүй машинасын құрастыру алдында, жарақаттануға жол бермеу үшін, аспаптың қуат беру баусымы желіден ажыратылғанына көз жеткізіңіз. Орнаылған тостағаны жоқ аспапты ешқашан желіге қоспаңыз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Әр саптамаға арналған үзіліссіз жұмыс істеу уақытының белгіленген шектерін сақтай отырып, жиынтықтама тораптарын кезек-кезекпен пайдаланыңыз.



Ескертпе ретінде! Саптамаларды лас күйінде пайдаланбаңыз және сақтамаңыз. Әр пайдаланудан кейін пайдаланылған торапты «ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ КҮТІМ» тарауға сәйкес бірден жуыңыз және кептіріңіз.


АСҮЙ МАШИНАСЫМЕН ИЛЕУ ТОРАБЫН ПАЙДАЛАНҒАНДА ЖҰМЫС ІСТЕУ

АСПАПАТЫ ЖИНАУ


- Асүй машинасын тегіс, таза және құрғақ бетке орнатыңыз.
- Бекіту тұтқасын төмен қарай басыңыз және жұмыс бөлігін бекітілгенге дейін жоғары көтеріңіз
- Тостаған қақпағын саптамалар жетегінің торабына бекітілгенше орнатыңыз. Өнімдерге арналған қақпақтың ашылуы алдыңғы жағында болуы керек (құрылғының сипаттамасын қараңыз).
- Тостағандағы шығыңқы жерлерін негізіндегі ойықтарға үйлестіріп, тостағанды негіздің ұяшығына орнатыңыз да, көп күш салмай, бекіту үшін түбіне дейін сағат тілі бойынша бұраңыз.
- Тамақтарды ыдысқа салыңыз.
- Қажетті саптаманы таңдап, оны жетек осі бойымен жоғары басып, сағат тілімен 90° бұру арқылы саптаманың жетек жинағында орналасқан жұмыс білігіне орнатыңыз.
- Жұмыс бөлігін бекіту тұтқасын басу арқылы құрылғының жұмыс бөлігін бекітілгенге дейін көлденең күйге келтіріңіз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Саптамадағы ойық жетек білігіндегі штифтке сәйкес келуі керек..



Асүйлік машинаны
тегіс бетке
орнатыңыз




Бекіту тұтқасын
төмен қарай
басыңыз және
жұмыс бөлігін
бекітілгенге дейін
жоғары көтеріңіз



Тостаған қақпағын
қондырмалар
жетегінің
торапына
орнатыңыз



Тостағанды
негіздің ұясына
орнатыңыз, бекіту
үшін тірелгенше
бұраңыз




Азық-түлікті
ыдысқа салыңыз



Саптаманы
таңдаңыз және
оны жұмыс білікке
орнатыңыз



Тұтқаны төмен
түсіру арқылы
жұмыс бөлігін
жабыңыз



Өнімдерге
арналған
қақпақтың
ашылуы алдыңғы
жағында болуы
керек



Назар аударыңыз!

Тек қана осы жабдықтың жинағына кіретін бұлғауға арналған бұлғауышты, араластыруға арналған саптаманы және қамыр араластырғыш ілгекті пайдаланыңыз.



Назар аударыңыз! Аспап жұмыс істеп тұрғанда, тостағанға ингредиенттерді ыдыс қақпағындағы арнайы тесік арқылы ғана салуға рұқсат етіледі.



Назар аударыңыз! Егер құрылғы жұмыс істемесе, желіге қосылудың дұрыстығын және қосымша саптамалардың алынбалы сәндік жетек штепселын орнатудың дұрыстығын тексеріңіз. Бұл бітеуіштің болмауы немесе зақымдануы құрылғының жұмысына кедергі келтіруі мүмкін.



САҚ БОЛЫҢЫЗ! Жұмыс кезінде жұмысшы бөлігінің корпусындағы желдету тесіктерін жаппаңыз, бұл мотордың шамадан тыс қызуына әкелуі мүмкін.



ҰСЫНЫМДАР! Илеу торабын пайдаланған кезде аспаптың үзіліссіз жұмыс істеу уақыты 10 мин аспауы тиіс. Қосу арасында ұсынылатын үзіліс - 30 минут.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Аспаптың торапаты пластиктен жасалған және бір-біріне мұқият орнатылған. Бекіткіштер мен орындықтарға зақым келтірмеу үшін құралды құрастыру, орнату, бөлшектеу кезінде күш қолданбаңыз. Бөлшектер қисаюсыз отырғызу орындарына орналасуын және бекіткіштермен сенімді бекітілуін қадағалаңыз.

АСПАП САПТАМАЛАРЫНЫҢ СИПАТЫ



Қамырды илеуге арналған ілмек ашытқы немесе қалың үгітімелі сияқты ауыр қамырды илеу үшін қолданылады. *(Жұмыс жылдамдығы 1-2)*



Араластыруға арналған саптама сұйық қамырды, кремдерді, сыламаны, майонезді, сұйық салмалар мен тұздықтарды дайындау үшін пайдаланылады. *(Жұмыс жылдамдығы 3-6)*



Бұлғауға арналған бұлғағыш жұмыртқа ақуыздарын, кілегейді бұлғау үшін, үлпілдек кремдерді, мусстарды, десерттерді дайындау үшін пайдаланылады. *(Жұмыс жылдамдығы 7-10)*

АСПАП ФУНКЦИОНАЛЫ


- Аспапты іске қосу үшін үстіңгі панелдегі ҚОСУ/ӨШІРУ түймесін басыңыз
- Аспап дыбыстық дабыл шығарады.
- Барлық индикаторлар жанады. Тостағанның үстінде артқы жарық жанады (күту режимінде көмескі жарық сөнеді). Құрылғыны жұмыс істеп тұрған кез келген уақытта ҚОСУ/ӨШІРУ түймесін қайта басу арқылы өшіруге болады.



ЖҰМЫС ЖЫЛДАМДЫҒЫ


1-ші әдіс

- Жылдамдық ауыстырып қосқышын сағат тілімен бұраңыз.
- "Таразы" таңбасының индикаторы мен өлшем бірлігінің индикаторы сөнеді, қозғалтқыш жұмыс істей бастайды, жұмыс жылдамдығы таблода көрсетіледі.
- Жылдамдық индикаторының жарық сақинасы шеңбер бойымен айнала бастайды. Жылдамдық неғұрлым баяу болса, артқы жарық соғұрлым баяу болады, жылдамдық неғұрлым жылдам болса, артқы жарық соғұрлым тез айналады.
- Жылдамдықты арттыру немесе азайту үшін "+" және "-" сенсорлық түймелерін де қолданыңыз.
- Тоқтату/кідірту үшін - жылдамдық ауыстырғыш түймесін үстінен басыңыз 
- Максималды 10 жылдамдықта 10 минуттан артық жұмыс істегенде, құрылғы өздігінен өшеді. Жылдамдық мәні «0»-ге дейін түседі.



2-ші әдіс:

- Сенсорлық жылдамдықты басқару түймесін басыңыз 
- «+» және «-» сенсорлық түймелерін басу арқылы қажетті жұмыс жылдамдығын орнатыңыз.
- Қажетті жұмыс жылдамдығы орнатылғаннан кейін жылдамдық индикаторы 3 рет жыпылықтайды және құрылғы автоматты түрде жұмыс істей бастайды. Сондай-ақ, құрылғыны ҚОСУ/ӨШІРУ түймесі арқылы іске қосуға болады.
- Жылдамдық дисплейінің көк жарық сақинасы шеңбер бойымен айнала бастайды, жылдамдық неғұрлым баяу болса, жарық сақинасы соғұрлым баяу болады, жылдамдық неғұрлым жоғары болса, жарық сақинасы соғұрлым жылдам болады, уақыт таймері іске қосылады.
- Тоқтату/кідірту үшін - жылдамдық ауыстырғыш түймесін үстінен басыңыз 
- Максималды 10 жылдамдықта 10 минуттан артық жұмыс істегенде, құрылғы өздігінен өшеді. Жылдамдық мәні «0»-ге дейін түседі.
- Жұмыс барысында кідірту пернесін баспай, өлшеу  пернесін және таймерді  басу ешқандай әсер етпейді. Сондықтан алдымен кідіртуді басып, содан кейін таймерді өлшеу немесе орнату ұсынылады.







ӨЛШЕУ

1-ші әдіс

ӨЛШЕУ АЛДЫНДА ТОСТАҒАННЫҢ БЕКІТКІШІН САҒАТ ТІЛІМЕН БҰРАП БОСАТЫҢЫЗ. ЕГЕР ТОСТАҒАН МЫҚТАП БЕКІТІЛГЕН БОЛСА, ТАРАЗЫ ЖҰМЫС ІСТЕМЕЙДІ.

- Өлшеу режиміне өту үшін "Таразы" сенсорлық түймесін басыңыз. Индикаторлар 3 рет жыпылықтайды. Таразы өлшеуге дайын болады.
- Азық-түлікті ыдысқа салыңыз. Өлшеу нәтижелері тақтада көрсетіледі.
- Салмақ бірлігін таңдау үшін кг (kg), г (g), фунт (lb), унция (oz) салмақ бірліктері арасында ауысу үшін "+" немесе "-" сенсорлық түймесін басыңыз.
- Өлшеу нәтижелерін қалпына келтіру үшін - "Таразы" түймесін ≈ 2 секунд басып тұрыңыз. Табло нөлденеді. Осылайша сіз әртүрлі ингредиенттерді кезекпен өлшей аласыз.
- Жұмысты жалғастыру үшін **тостағанды сағат тіліне қарсы бұрап бекітіп**, жылдамдықты басқару түймесін басыңыз, құрылғы жұмысын жалғастырады.
- **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! ТОСТАҒАНДЫ БЕКІТПЕЙ, МАШИНАНЫ ҚОСПАҢЫЗ.**



Ескертпе ретінде!

Таразы максималды салмағы 5,000 кг-ға есептелген.

Егер өлшенетін өнімдердің салмағы осы мәннен асып кетсе, дисплейде "----" көрсетіледі.


2-ші әдіс:

- Пісіру процесінде өлшеу қажет болса, құрылғыны кідірту режиміне қойып, жылдамдық реттегішін басыңыз. Тостағанды сағат тілімен бұрап босатыңыз. **Во время взвешивания чаша не должна быть зафиксирована.** 
- "Таразы" сенсорлық түймесін басыңыз, таразы индикаторы 3 рет жыпылықтайды, таразы өлшеуге дайын болады. Азық-түлікті ыдысқа салыңыз. Өлшеу нәтижелері тақтада көрсетіледі. 
- Жұмысты жалғастыру үшін тостағанды сағат тіліне қарсы бұрап бекітіп, жылдамдықты басқару түймесін басыңыз, құрылғы жұмысын жалғастырады. 



ТАЙМЕР

- Аспапты орнатыңыз және қосыңыз.
- Егер құрылғы жұмыс істеп тұрған кезде Таймерді орнату қажет болса (Кері санақ), онда ол үшін жылдамдықты ауыстырғышты жоғарыдан басу арқылы құрылғыны "Кідіріс" режиміне қою керек 
- Содан кейін "Таймер" сенсорлық түймесін басыңыз
- Уақыт белгісі үш рет жыпылықтай бастайды, содан кейін тоқтайды.
- Қажетті уақытты реттеу үшін "+" немесе "-" сенсорлық түймесін басыңыз.
- Уақыттың өзгеру қадамы - 30 секунд. 
- Содан кейін таймерді кері санау үшін жылдамдық қосқышының жоғарғы жағын қайта басыңыз.
- Уақыт аяқталғаннан кейін және таймер "0" көрсетсе, машина автоматты түрде




ИЛЕУ ТҮЙІНІМЕН ЖҰМЫС АЯҚТАЛҒАННАН KEЙІН


- ҚОСУ/ӨШІРУ сенсорлық түймесін басып, Қуат сымының ашасын розеткадан шығарып, құрылғыны розеткадан ажыратыңыз. Жетек айналуы толық тоқтағанын күтіңіз.
- Жұмыс бөлігін бекіту тұтқасын басып, құрылғының жұмыс бөлігін жоғары көтеріңіз.
- Саптаманы біліктен, алдын ала жетек өсінің бойымен оған жоғары қарай баысп және сағат тілінің бағытына қарсы 90°-қа бұрып, шешіп алыңыз.
- Ыдыстың қақпағын жетеке торабынан шешіп алыңыз.
- Тостағанды "ашық құлып" күйіне бұрап босатыңыз және оны құрылғының түбінен алыңыз.




ҚОСУ/ӨШІРУ
сенсорлық
түймесін басу
арқылы аспапты
өшіріңіз



Жетектің толықтай
тоқтауын күтіңіз.
Жұмыс бөлігін
көтеріңіз



Саптаманы
біліктен және
ыдыстың қақпағын
жетек торабынан
шешіп алыңыз



Тостағанды
босатыңыз

ЕТ ТАРТҚЫШПЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ



Назар аударыңыз! Ет тартқышты жинар алдында жарақатты болдырмау үшін аспап желіден ажыратылғанына көз жеткізіңіз.

ЕТ ТАРТҚЫШТЫ ЖИНАҒЫЗ:

- Иірмекті жұмыс блокқа орнатыңыз. Иірмекке айқара тәрізді пышақты кесетін жиегін сыртқа қаратып кигізіңіз, әйтпесе ет тартқыш жұмыс істемейтін болады.
- Пышақтан кейін иірмекке қажетті өлшемдегі торды кигізіңіз. Жұмыс блогының жиектемесіндегі ойықтар тордың шығыңқы жерлерімен қиысатынына көз жеткізіңіз.
- Қатты бұрап тартпай, сақиянлы сомынды орнатыңыз және сағат тілінің бағытымен бұрап тастаңыз.
- Қосымша ет тартқыш саптамаларының алынбалы сәндік жетек тығынын алыңыз.
- Ет тартқыштың корпусын ұстап тұрып, жұмыс блогының алмалы корпусын оң жаққа сәл еңкейтіп корпустағы ұяшыққа кіргізіңіз.
- Жұмыс блогын сағат тіліне қарсы солға бұру арқылы бекітіп, қоңыраудың тік орналасуына дейін бекітіңіз.

- Алмалы-салмалы астауды жұмыс блогының тиеу қылтасына орнатыңыз және, жоғарыдан басып, оны бекітіңіз.
- Аспапты тегіс қатты таза бетке қойыңыз.
- Етті турауға дайындаңыз. Сүйектерді, сіңірлерді, қатты шеміршектерді алып тастаңыз. Етті жұмыс блогтың қылтасынан еркін өтетіндей кішкентай кесектерге (шамамен 2x2x6 см) тураңыз.





Назар аударыңыз! Тоңазытылған етті алдын ала толық ерітіп алу керек.

- Еттің кесектерін астауға қойыңыз.
- Ет тартқыштың астына фаршқа арналған ыдыс қойыңыз.
- Аспапты электр желісіне қосыңыз және, жылдамдықтарды реттеу тұтқасын сағат тілінің бағытымен бұрып, іске қосыңыз. Айналудың ұсынылған жылдамдығы – 3.
- Жылдамдықты арттыру немесе азайту үшін негізгі жылдамдық қосқышын, сондай-ақ "+" және "-" - "сенсорлық түймелерін пайдаланыңыз. (▶)
- Тоқтату/кідірту үшін - жылдамдық ауыстырғыш түймесін үстінен басыңыз
- Етті біртіндеп итере отырып, ет тартқыштан өткізіп алыңыз. Кейбір тағамдарды (▶)
- Етті итеру үшін тек қана итергішті пайдаланыңыз.



Назар аударыңыз! Ешқашан етті қолмен немесе бөгде заттармен итермеңіз, итергішке басқанда артық күш салмаңыз. Бұл аспапты істен шығаруы мүмкін.



- Ет тартқышта ешқашан зімбірді және қатты талшықтары бар басқа өнімдерді өңдемеңіз. Ет тартқышта олар ұсақтап тартылмайды. Кептірілген жемістер мен тамырсабақтарды алдын ала жібітіп алыңыз.
- Ет тартқышты жемістерден және көкөністерден шырын сығып алу үшін пайдаланбаңыз.



Жұмыс кезінде аспаптың корпусындағы желдеткіш тесігін ЖАППАҢЫЗ және оны жұмсақ бетке қоймаңыз, бұл мотордың қызып кетуіне әкелуі мүмкін.


- Жұмыс аяқталғаннан кейін ауыстырып қосқышты «0» жайғасымына ауыстырып, аспапты сөндіріңіз және оны электр желісінен ажыратыңыз.
- Ет тартқыштың жұмыс блогын құрылғының корпусынан ажыратыңыз (саптамаларды босату түймесін басу арқылы), оны сағат тілімен кішкене бұрышқа бұраңыз. Ет тартқыштың жұмыс батсиегін жинауға қарсы реттілікпен бөлшектеңіз.



Назар аударыңыз! Үздіксіз жұмыс уақыты 3 минуттан аспауы тиіс. Жұмыс істеудің әрбір 3 минутынан кейін электр қозғалтқышты суыту үшін 10 минут үзіліс қажет.



САҚ БОЛЫҢЫЗ! Егер ет тартқыш жұмыс істемесе, желіге қосылудың дұрыстығын және құрылғының жетек қақпағын дұрыс орнатуды тексеріңіз.



КЕББЕ ДАЙЫНДАУ

Кеббе – бұл тартылған және қуырылған ет түтікшелерін білдіретін дәстүрлі араб тағамы.

САЛМАҒА арналған ингредиенттер:

- ☐ қой еті – 100 г,
- ☐ зәйтүн майы – 1,5 ас қас.,
- ☐ ұнтақталған пияз – 1,5 ас қас.,
- ☐ ұн 1,5 ас қас.,
- ☐ тұз және дәмдеуіштер қалауыңыз бойынша.

ДАЙЫНДАУ ПРОЦЕСІ:

1. Етті ет тартқыштан 1 немесе 2 рет өткізіңіз.
2. Пиязды қуырыңыз және оған ет тартқыштан өткізіліген ет, тұз, дәмдеуіштер мен ұн қосыңыз.

ҚАБЫҚШАҒА арналған ингредиенттер:

- ☐ майсыз ет – 450 г,
- ☐ ұн 150-200 г,
- ☐ ұнтақталған мускат жаңғағы– 1 дана,
- ☐ тұз, бұрыш, дәмдеуіштер – қалауыңыз бойынша.

ДАЙЫНДАУ ПРОЦЕСІ:

1. Етті ет тартқыштан 2-3 рет, қалаған консистенция алу үшін, өткізіңіз.
2. Барлық ингредиенттерді ыдыста араластырыңыз.
3. Иірмекті жұмыс блокқа орнатыңыз.
4. Иірмекке кеббеге арналған саптаманы және кеббеге арналған саптаманың адаптерін орнатыңыз.
5. Жиектегі шығыңқы саптаманың кертпелерімен беттесетініне көз жеткізіңіз.
6. Құрастырымды сақиналы сомынмен бекітіңіз.




Назар аударыңыз! Пышақты және торды орнату жүргізілмейді! Сомынды қатты тартып бұрамаңыз!

7. Қабық үшін дайындалған қоспадан түтікшелер дайындаңыз. Беру үшін итергішті пайдаланыңыз, дайын түтікшелерді қажетті ұзындықпен кесіңіз.
8. Түтікшені алыңыз, бір ұшын бітеңіз және оны салмамен толтырыңыз, содан кейін түтікшенің екінші ұшын бітеңіз.
9. Кеббені ыстық өсімдік майына қуырыңыз.
10. Жұмыс аяқталғаннан кейін қосқышты "OFF" күйіне қойып, құрылғыны өшіріп, оны электр желісінен ажыратыңыз.
11. Кеббе саптамасы бар ет тартқыштың жұмыс басын реттілікпен бөлшектеңіз, кері құрастырыңыз және жұмыс блогын құрылғының корпусынан сағат тілімен кішкене бұрышқа бұрап ажыратыңыз.

КЕББЕГЕ АРНАЛҒАН ЖЕТЕКТІ ЖИНАУ

- Ет тартқыш ағытпасының алмалы-салмалы қақпағын алыңыз.
- Кеббеге арналған алмалы-салмалы саптаманы құрастырыңыз.
- Ет тартқыштың корпусын ұстап тұрып, жұмыс блогының алмалы корпусын оң жаққа сәл еңкейтіп корпустағы ұяшыққа кіргізіңіз.


- Жұмыс блогын сағат тіліне қарсы солға бұру арқылы бекітіп, қоңыраудың тік орналасуына дейін бекітіңіз.
- Алмалы-салмалы астауды жұмыс блогының тиеу қылтасына орнатыңыз және, жоғарыдан басып, оны бекітіңіз.
- Аспапты тегіс қатты таза бетке қойыңыз.
- Жұмысты аяқтағаннан кейін саптамаларды босату түймесін басыңыз, жұмыс блогын құрылғының корпусынан сағат тілімен кішкене бұрышқа бұрап ажыратыңыз. Саптаманың жұмыс бастиегін ретімен, кері құрастыра отырып бөлшектеңіз.
- Саптаманың жұмыс бөліктерін шайыңыз және құрғатыңыз.




Кеббеге арналған саптаманы құрастырыңыз.



Жұмыс блогының алмалы корпусын оң жаққа сәл еңкейтіп, корпустың ұяшыққа кіргізіңіз



Бекітілгенге дейін сағат тіліне қарсы солға бұру арқылы бекітіңіз




Алмалы-салмалы астауды жұмыс блогының тиеу қылтасына орнатыңыз және, жоғарыдан




Қабық үшін дайындалған қоспадан түтікшелер дайындаңыз



Тоқтату/кідіріс үшін басыңыз Жұмыс аяқталғаннан кейін - аспапты желіден ажыратыңыз, ет тартқышты бөлшектеңіз



Аяқтағаннан кейін жылдамдық қосқышын "0" күйіне бұраңыз



Жұмыс блогы сағат тілі бағытымен бұрып, аспап корпусынан ажыратыңыз

ШҰЖЫҚТАР МЕН СОСИСКАЛАР ДАЙЫНДАУ



Назар аударыңыз! Бұл аксессуар тек қана барлық дәмдеуіштер қосылған ет жентегімен пайдалануға арналған. Дайындау үшін қоспа жақсы араластырылған болуы керек.

- Етті ет тартқыштан өткізіп, шұжық фаршын дайындаңыз.
- Иірмекті алмалы жұмыс блогына орнатыңыз.
- Иірмекке шұжыққа арналған саптаманың бөлгішін, содан кейін шұжық дайындауға арналған саптаманы орнатыңыз. Жиектегі шығыңқы саптаманың кертпелерімен беттесетініне көз жеткізіңіз.
- Құрастырымды сақиналы сомынмен бекітіңіз.




Назар аударыңыз! Пышақты және торды орнату жүргізілмейді! Сомынды қатты тартып бұрамаңыз!


- Ет тартқыштың алдыңғы сәндік жетек қақпағын сағат тілімен кішкене бұрышқа бұрап алыңыз.
- Шұжық пен сосискаларға арналған саптаманы жинаңыз.
- Ет тартқыштың корпусын ұстап тұрып, жұмыс блогының алмалы корпусын оң жаққа сәл еңкейтіп корпусқағы ұяшыққа кіргізіңіз.
- Жұмыс блогын сағат тіліне қарсы солға бұру арқылы бекітіп, қоңыраудың тік орналасуына дейін бекітіңіз.
- Алмалы-салмалы астауды жұмыс блогының тиеу қылтасына орнатыңыз және, жоғарыдан басып, оны бекітіңіз.
- Аспапты тегіс қатты таза бетке қойыңыз. Аспап шұжық дайындауға дайын.
- Шұжық дайындау үшін алдын ала жылы суда 10 мин ұсталған табиғи қабықты пайдаланыңыз. Жұмсарған қабықты саптамаға кигізіңіз және қабықтың ұшын түйіндеп байлаңыз.
- Дайын тураманы беру үшін итергішті пайдаланыңыз, қабық толғанына байланысты оны саптамадан жылжытып отырыңыз, қабық кепкенде оны сулаңыз.




Назар аударыңыз! Сапалы шұжық алу үшін қабықты толтырғанда ауаның кіруіне жол бермеңіз.




Шұжық пен сосискаларға арналған саптаманы жинаңыз




Жұмыс блогының алмалы корпусын оң жаққа сәл еңкейтіп, корпусқағы ұяшыққа кіргізіңіз



Бекітілгенге дейін сағат тіліне қарсы солға бұру арқылы бекітіңіз



Алмалы салмалы астауды жұмыс блогының тиеу қылтасына орнатыңыз және, жоғарыдан басып, оны бекітіңіз



Шұжық дайындау үшін алдын ала жылы суда 10 мин ұсталған табиғи қабықты пайдаланыңыз.




Жұмсарған қабықты саптамаға кигізіңіз және қабықтың ұшын түйіндеп байлаңыз.




Тоқтату/кідіріс үшін басыңыз
Жұмыс аяқталғаннан кейін - аспапты желіден ажыратыңыз, ет тартқышты бөлшектеңіз




Аяқтағаннан кейін жылдамдық қосқышын "0" күйіне бұраңыз




Жұмыс блогы сағат тілі бағытымен бұрып, аспап корпусынан ажыратыңыз



Саптаманы кері ретпен бөлшектеңіз



Жылы сумен жақсылап шайыңыз




Мұқият құрғатыңыз

- Жұмысты аяқтағаннан кейін саптамаларды босату түймесін басыңыз, жұмыс блогын құрылғының корпусынан сағат тілімен кішкене бұрышқа бұрап ажыратыңыз. Саптаманың жұмыс бастиегін ретімен, кері құрастыра отырып бөлшектеңіз.
- Саптаманың жұмыс бөліктерін шайыңыз және құрғатыңыз.


КӨКӨНІСТЕР МЕН ЖЕМІСТЕРДІ ТУРАУ ЖӘНЕ МАЙДАЛАП ТУРАУ

Көкөніс турағыш саптама азық-түлік өнімдерді ұнтақтауға арналған қосымша айлабұйым ретінде пайдаланылады.


- Ірі және ұсақ үккіш ірімшікті, сәбізді, балдыркөкті, піскен қызылшаны және т. б. ұнтақтауға арналған.
 - Майдалап турауға арналған үккіш көкөністерді тілімшелеп турау үшін керек.
 - Драниктерге арналған үккіш картопты ұсақтауға арналған.
- Сізге қажетті үккішті таңдаңыз және көкөніс турағыш корпусының ішіне орнатыңыз, үккіш негізіндегі пішімді тесікті көкөніс турағыштың жетекші білігінің оймакітелерімен қиыстырыңыз.
 - Көкөніс кескіштің корпусына сақиналы үккіш бекіткішті корпустың белгіге қатысты оңға қарай сәл бұрышымен орнатыңыз және оны бекітілгенге дейін сағат тіліне қарсы бұрап бекітіңіз. Дұрыс жайғастырғанда бекіткіштегі белгі корпустың белгімен қиысады.
 - Ет тартқыштың сәндік жетек қақпағын алыңыз.
 - Асүй машинасының корпусын ұстап тұрып, жиналған көкөніс кескішті корпустың ұясына сәл оңға еңкейтіп салыңыз.
 - Көкөніс кескішті сағат тіліне қарсы солға бұрап бекітіп, қоңыраудың тік орналасуына дейін бекітіңіз.
 - Аспапты тегіс қатты таза бетке қойыңыз. Құрал пайдалануға дайын.
 - Ірі азық-түлікті ұсақ кесектерге тураңыз, олар көкөніс турағыштың тиеу тесігіне еркін кіруі керек.
 - Азық-түлікті итеру үшін тек қана көкөніс итергіш жиынтығына кіретін итергішті пайдаланыңыз. Ешқашан азық-түлікті қолмен итермеңіз.
 - Жұмыс аяқталғаннан кейін ауыстырып-қосқышты 0 жайғасымына ауыстырып, аспапты сөндіріңіз және оны электр желісінен ажыратыңыз.
 - Көкөніс кескішті ретімен, кері құрастырумен бөлшектеңіз және босату түймесін басқаннан кейін оны сағат тілімен кішкене бұрышқа бұрап, көкөніс кескіштің корпусын құрылғының корпусынан ажыратыңыз.
 - Көкөніс кескіштің барлық бөліктерін шайыңыз және құрғатыңыз ("Тазалау және күтім" бөлімін қараңыз).




Сізге керек үккішті таңдаңыз және көкөніс турағыштың корпусын жинаңыз.




Көкөніс турағыштың алмалы корпусын оң жаққа сәл еңкейтіп, корпустың ұяшыққа кіргізіңіз.



Бекітілгенге дейін сағат тіліне қарсы солға бұру арқылы бекітіңіз.



Азық-түлікті итеру үшін тек қана жиынтыққа кіретін итергішті пайдаланыңыз.




ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ КҮТІМ

АСҮЙЛІК МАШИНАНЫ ТАЗАЛАУ

- Аспаптың тазалануын пайдалану аяқталғаннан кейін бірден жүргізу қажет.
- Аспапты тазалау алдында оны желіден сөндіріңіз, қаптаманы ажыратыңыз ыдысты және ыдыстың қақпағын шешіп алыңыз (алынғы тараудағы сипаттаманы қар.).
- Аспап корпусына, ыдысқа және саптамаларға күтім жасау үшін қажақ материалдарды және органикалық ертікіштерді қолданбаңыз.
- Пайдаланылған саптамаларды және тостағанды, ыдыс жууға арналған жұмсақ құралдарды пайдаланып, жылы су ағынымен жұмсақ ысқышпен немесе қылшақты щеткамен жуыңыз. Таза жылы сүмен шайыңыз.
- Илеу ыдысын, ілгекті, араластырғыш саптаманы, шайқау шайқағышты ыдыс жуғышта жууға болады. Бұл ретте ыдыс жуатын машинаның және қолданылатын жуғыш құралдардың нұсқаулықтарын басшылыққа алу қажет.
- Аспап корпусын және жетек торабын жұмсақ ылғал матамен сүртіп алыңыз.
- Аспаптың барлық бөліктерін құрғақ шүберекпен сүртіп алыңыз немесе ауада мұқият кептіріңіз.
- Құрылғыны жиналған түрінде сақтауға болады.



Аспапты тазартар алдында, оны желіден ажыратыңыз



Пайдаланылған саптамаларды және тостағанды жылы су ағынымен шайыңыз



Мұқият құрғатыңыз



Тостаған мен саптамаларды ыдыс жуғышта жууға болады

КӨКӨКНІС ТҰРАҒЫШТЫ ТАЗАЛАУ

- Көкөніс тұрағышты жаинауға кері тәртіппен бөлшектеңіз.
- Өнімдердің қалдықтарын алып тастаңыз. Көкөніс тұрағыштың бөлшектерін жылы сабынды суға жуыңыз және шайыңыз.
- Көкөніс тұрағыштың бөлшектеріне күтім жасау үшін ыдыс жуатын машиналарды және қатты сілтілер негізіндегі құралдарды пайдалануға тыйым салынады.
- Қажақ, құрамында хлор бар заттектерді және органикалық еріткіштерді қолданбаңыз.
- Көкөніс тұрағыштың барлық бөліктерін құрғақ матамен сүртіп алыңыз.

ЕТ ТАРТҚЫШТЫ ТАЗАЛАУ


- Ет тартқышты құрастыруға кері тәртіппен бөлшектеңіз.
- Өнімдердің қалдықтарын алып тастаңыз. Азық-үлікпен жанасатын бөлшектерді жылы сабынды сумен жуыңыз. Ет тартқыштың корпусын ылғал матамен сүртіп алыңыз.
- Ет тартқыштың бөлшектеріне күтім жасау үшін ыдыс жуғыш машиналарды (тот баспайтын болаттан жасалған торлар мен ет тартқыштың пышағын қоспағанда, оларды ыдыс жуғышта жууға болады) және күшті сілтілерге негізделген құрамдарды пайдалануға тыйым салынады.
- Қазақ, құрамында хлор бар заттектерді және органикалық еріткіштерді қолданбаңыз.
- Ет тартқыштың барлық бөліктерін құрғақ матамен сүртіп алыңыз.
- Таза және кептірілген пышақ пен торларды өсімдік май сіңген майлықпен сүртіп алыңыз.




Назар аударыңыз! Пышақты шешіп алғанда және оны жуғанда сақ болыңыз, ол өте өткір.




1. Бұғаттан шығару тұтқасын басыңыз
2. Жұмыс блогы сағат тілі бағытымен бұрып, аспап корпусынан ажыратыңыз



Саптаманы кері ретпен бөлшектеңіз



Жылы сумен жақсылап шайыңыз



Мұқият құрғатыңыз

САҚТАУ, ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ

САҚТАУ

Электр аспаптары жабық құрғақ және таза үй-жайда қоршаған ауаның температурасы плюс 5°C төмен емес және плюс 40°C жоғары емес салыстырмалы ылғалдылығы 70% жоғары емес және қоршаған ортада электр аспаптарының материалдарына теріс әсер ететін шаң, қышқыл және басқа да булар болмаған кезде сақталады.

ТАСЫМАЛДАУ

Электр аспаптары нақты түрдегі көлікте қолданылатын жүктерді тасымалдау ережелеріне сәйкес көліктің барлық түрлерімен тасымалданады. Аспапты тасымалдағанда, зауыттық түпнұсқа қаптаманы пайдаланыңыз.

Аспаптардың тасымалдануы оларға атмосфералық жауын-шашын мен жегі орталардың тікелей әсер ету мүмкіндігін болдырмауы тиіс.

ӨТКІЗУ

Өткізу ережелері белгіленбеген.

Ескерту: электр аспаптың пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін оны әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамай, ресми жинау пунктіне кәдеге жаратуға жіберіңіз. Осылайша, Сіз қоршаған ортаны сақтауға көмектесесіз.

КӘДЕГЕ ЖАРАТУ БОЙЫНША ТАЛАПТАР

Бұйымдарды кәдеге жарату кезінде пайда болатын қалдықтар белгіленген тәртіппен және Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің және қолданыстағы санитарлық нормалар мен қағидалардың талаптарына сәйкес кейіннен кәдеге жаратыла отырып, міндетті түрде жиналуға жатады.



ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Кернеуі: ~220 – 240 В

Жиілігі: ~50 Гц

Номиналдық қуаты: 1000 Вт

Құлыпталған біліктің максималды қуаты: 1600 Вт

Қорғау сыныбы - I

Ыдыс көлемі: 6 л

Үзіліссіз жұмыс істеуінің уақыты – 3-10 мин, таңдалған режимге байланысты.

PKM 1525 – Polaris сауда маркасының асүйлік тұрмыстық электрлік машинасы.

АҚАУЛЫҚТАРДЫ ІЗДЕУ ЖӘНЕ ЖОЮ

Ақаулық	Ықтимал себептер	Жою тәсілдері
Электр желісіне қосқанда аспап жұмыс істемейді	Розетка ақаулы	Басқа аспапты қосып, розеткадағы кернеуді тексеріңіз
	Электрқорек баусымы зақымдалған	Тек қана жөндеу шеберханаларының мамандарымен жойылады
	Аспап қате жиналған, жұмыс бөлігі бекітілгенге дейін түсірілмеген	Аспаптың барлық бөліктерінің дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз.
Жұмыс кезінде аспап сөніп қалды	Қызып кету. Автоматты түрде сөндірілу функциясы іске қосылды.	Құрылғыны өшіріңіз, айырды розеткадан шығарыңыз және құрылғыны 30 минут бойы толық суытыңыз.
Тамақты өңдегенде аспаптың қатты дірілі сезінеді	Қамыр тым қою Тым қатты азық-түлік.	Өнімге бір ас қасық су қосыңыз. Қатты өнімдерді (сіңірлері, сүйектері, сондай-ақ мұзы бар өнімдерді) ет тартқышта және көкөніс кескіште ұнтақтау ұсынылмайды.
Жұмыс кезінде бөгде иіс пайда болды	Аспап қызып кетті	Аспаптың үзіліссіз жұмыс уақытын қысқартыңыз. Іске қосылулар арасындағы аралықтарды көбейтіңіз. Аспапты осы Нұсқаулықпен ұсынылған уақтан артық пайдаланбаңыз.
	Аспап жаңа, иіс қорғаныс қабаттан шығады	Аспапқа толық тазалау жүргізіңіз



Назар аударыңыз! Егер Сіз жоғарыда сипатталған қадамдар көмегімен мәселені өз күшіңізбен шеше алмасаңыз, POLARIS өкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.




Сіздің құралды пайдалану кезінде өрттің, электрлік токпен зақымдану немесе жарақат алу қаупінің, сонымен қатар оның сынуының алдын алу үшін осы құралмен жұмыс кезіндегі сақтықтың негізгі шараларын, сонымен қатар электр құралдарымен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік бойынша жалпы нұсқауларды сақтаңыз.

СЕРТИФИКАТТАУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Бұйым КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты құралдардың қауіпсіздігі туралы», КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімдігі», ЕАЭО ТР 037/2016 «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданудағы шектеулер туралы» талаптардың сәйкестігін растау процедурасынан өткен және Кедендік Одақтың мүше мемлекеттері нарығында бұйымдарды ұстаудың бірыңғай белгісімен таңбаланады.

Сәйкестік сертификатының/декларациясының нөмірі және оның қолданылу мерзімі туралы ақпаратты Сіз POLARIS бұйымын сатып алған жерде немесе өндірушінің Уәкілетті өкілінен ала аласыз.



Бұйымның қызмет ету мерзімі:

5 жыл

Бұйымға берілетін кепілдік мерзім:

60 айға дейін

Дайындалған күні бұйымдағы паспорттық тақтайшада көрсетілген.

Дайындаушы:

НИНБО ХЭНСФОРТ ОВЕРСИЗ ЭЙША ЛИМИТЕД,
№ 158 Доншан Лю, Хушан Чжидао, Циси, Чжэцзян Провинциясы, ҚХР
MANUFACTURER: NINGBO HANSFORT OVERSEAS ASIA LIMITED,
No. 158 Dongshan Lu, Hushan Jiedao, Cixi City, Zhejiang Province, PRC
Қытайда өндірілген.

Зауытта:

ЧЕФТЕК ЭНТЕРПРАЙС КОРПОРЕЙШН
РУМ 01, ФЛОР 10, БИЛДИНГ А, ТАДЖЕН НОУЛЕДЖ ЭНД ИНОВАЦИОН ЦЕНТР, НАНШАН
AREA, ШЭНЬЧЖЕНЬ, ҚЫТАЙ
CHEFTEK ENTERPRICE CORPORATION
ROOM 01, FLOOR 10TH, BUILDING A, TAGEN KNOWLEDGE & INNOVATION CENTER, NANSHAN
AREA, SHENZHEN, CHINA

Импорттаушы және өндірушінің РФ-ғы және Кеден Одағы мүше мемлекеттеріндегі

Уәкілетті өкілі:

"ЭйДжиАй Электроникс" ЖШҚ, Ресей, 115419, Мәскеу қ., Орджоникидзе көшесі, 11-үй,
3-құрылыс, 4-қабат I-үй-жай 13-бөлме.

Бірыңғай анықтама қызметінің телефоны: 8-800-700-11-78

КЕПІЛДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Бұйым: **Асүй электрлік машинасы**

Модель: **PKM 1525**

Осы кепілдік бұйымды сатып алудың расталған күнінен бастап 60 ай бойы әрекет етеді және «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» РФ Заңына сәйкес бұйымға кепілдік қызмет көрсетілуін білдіреді.

Өнімнің компоненттеріне кепілдік беру мерзімі:

- Электр қозғалтқышы бар негізгі жұмыс блогына 60 ай
 - Ет тартқыш пен Көкөніс кескішке 24 ай.
 - 12 ай шайқауға және араластыруға арналған саптамалар мен қамыр илейтін Ілмек
1. Өндірушінің кепілдікті міндеттемелері «POLARIS» сауда маркасымен шығарылатын және өндіруші уәкілеттік берген сатушылардан, кепілдік қызмет көрсетілетін елдерде (сатып алу орнына қарамастан) сатып алынған барлық үлгілерге қолданылады.
 2. Бұйым Пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа қатаң сәйкестікте және қауіпсіздік жөніндегі ережелер мен талаптарды сақтаумен пайдаланылуы тиіс.
 3. Осы кепілдік тауарды тұтынушыға бергеннен кейін пайда болған келесі кемшіліктерге қатысты болмайды:
 - бұйымның зақымдалуына, бөгде заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің және олардың тіршілік әрекеті өнімдерінің бұйым ішіне түсуіне әкеп соққан химиялық, механикалық немесе өзге де әсер ету;
 - бұйымды оның тікелей мақсатынан тыс пайдаланудан, оны коммерциялық пайдаланудан, сондай-ақ пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың талаптары мен қауіпсіздік техникасы ережелерін бұза отырып, бұйымды орнату мен пайдаланудан көрінетін дұрыс пайдаланбау;
 - бұйымды ол арналмаған мақсаттарда пайдаланудан;
 - қалыпты пайдалану, сонымен қатар функционалдық қасиеттеріне әсер етпейтін: сыртқы немесе ішкі беттің механикалық зақымдануы (майысулар, сызаттар, ескірулер), металл түсінің табиғи өзгеруі, оның ішінде құбылмалы және қара дақтардың пайда болуы, сондай-ақ жабынды зақымдалған жерлерде және металдың жабылмаған учаскелерінде металл жемірілуінен;
 - Пайдалану мерзімі шектеулі әрлеу бөлшектерінің, аксессуарлардың, саптамалардың, пышақтардың, торлардың және өзге де бөлшектердің табиғи тозуы;
 - Авторизацияланған сервистік орталықтары* болып табылмайтын тұлғалар немесе ұйымдар бұйымды жөндеуінен;
 - бұйымның конструкциясымен модификациясымен немесе дербес жөндеуімен дұрыс емес тасымалдау кезінде бұйымның зақымдануы.
 4. Егер бұйымда паспорттық сәйкестендіру тақтайшасы жоқ болса, немесе ондағы деректер жойылған не түзетілген болса, дайындаушы кепілдікті міндеттемелер үшін жауапты болмайды.
 5. Осы кепілдік тек қана жеке тұрмыстық қажеттіліктер үшін жарамды және де коммерциялық, өнеркәсіптік немесе кәсіби мақсаттар үшін пайдаланылатын бұйымдарға қолданылмайды.

Назар аударыңыз!! Дайындаушы POLARIS бұйымымен адамдарға, үй жануарларына, қоршаған ортаға тікелей немесе жанама келтірілген зиян немесе егер бұл бұйымды пайдалану және орнату ережелерін немесе шарттарын сақтамау, тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе абайсыз әрекеттері нәтижесінде болған жағдайда мүлікке келтірілген зиян үшін жауапты болмайды.

POLARIS бұйымдарына техникалық қызмет көрсету, сапаны тексеру, кепілдік және кепілдік жөндеу бойынша барлық сұрақтар бойынша жақын жердегі POLARIS қызмет көрсету орталығына немесе сатушыға – POLARIS өкілетті дилеріне хабарласыңыз.

POLARIS бұйымдарына кепілді жөндеуді тек POLARIS авторланған сервистік орталықтары жүзеге асырады.

*Авторланған сервистік орталықтардың мекенжайлары Компания сайтында: www.polaris.ru

